

Демалыс күнін көшіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 21 желтоқсан N 1578
1997 жылғы қаңтар айында еңбекшілердің демалысына қолайлы жағдай

жасау және жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан
Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылдың 5 қаңтары жексенбідегі демалыс күні 1997 жылғы
3 қаңтардағы жұмаға көшірілсін.
2. Қажетті өнім шығаруға, сондай-ақ құрылыс объектілерін іске қосуға
арналған еңбек, материалдық және қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілген
ұйымдарға кәсіподақ комитетінің келісімімен 1997 жылдың 3 қаңтарында жұмыс
жүргізу құқығы берілсін.

Аталған күнгі жұмыс үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өтем
жасалады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі